

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ
МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

Халықаралық ғылыми журнал

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
СОВРЕМЕННОСТИ**

Международный научный журнал

**ACTUAL PROBLEMS OF
PRESENT**

The international scientific journal

№3 (49)

Бас редактор

Қ.Б. Аданов, PhD, «Bolashaq» Академиясы, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары

А.Л. Шевякова, тарих ғылымдарының кандидаты, «Bolashaq» академиясы, Қазақстан
О. Капранов, PhD, NLA University College, Норвегия

Атқарушы редактор

Б.Р. Хасенов, PhD, «Bolashaq» Академиясы, Қазақстан

Редакциялық алқа

Й. Аурагер	PhD, аға ғылыми қызметкер	Сингапур ұлттық университеті	Сингапур
Е.Ю. Протасова	филология ғылымдарының докторы, профессор	Хельсинки университеті	Финляндия
М.Т. Санчес	PhD, аға оқытушы	Абердин университеті	Ұлыбритания
Б.М. Нурғалиев	заң ғылымдарының докторы, профессор	Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті	Қазақстан
Б. Симонович	заң ғылымдарының докторы, профессор	Крагуевац университеті	Сербия
К.Б. Сарбасова	педагогикалық ғылымдар докторы, профессор, АПСК академигі	І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті	Қазақстан
С. Шахин	PhD	Акдениз университеті	Түркия
Г.О. Тажигулова	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Қазақстан
Т.А. Данияров	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	Қазақстан
А. Сянова-Чантурия	PhD	Веллингтон Виктория университеті	Жаңа Зеландия
А.А. Нурумов	экономика ғылымдарының докторы, профессор	Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті	Қазақстан
А.Г. Бутрин	экономика ғылымдарының докторы, профессор	Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті	Ресей
И.С. Насипов	филология ғылымдарының докторы, профессор	Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті	Ресей
Н.А. Исмаил	PhD	Университи Тун Хуссейн Онн	Малайзия
Е.Б. Касенов	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент	«Bolashaq» Академиясы	Қазақстан
А.П. Алексеев	философия ғылымдарының докторы, профессор	М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті	Ресей

Жеке мақалалар: © 2025 Автор(лар).

Жариялаушы: «Bolashaq» академиясы» жеке мекемесі / «Bolashaq-Baspa».

Осы шығарылымдағы мақалалар, егер өзгеше көрсетілмесе, Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0) шарттары бойынша таратылады.

«Қазіргі заманғы маңызды мәселелер» Халықаралық ғылыми журналы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігімен тіркелген (25.09.2015 ж. № 15583-Ж мерзімді баспасөз басылымын есепке қою туралы куәлік).

Басылымның мерзімділігі: тоқсанына 1 рет

Негізгі тақырыптық бағыттары: ғылымның әр түрлі салалары қамтылған. Журнал ғылыми мақалалар, зерттеу материалдарын, хабарламалар, рецензиялар және т. б. жариялайды.

Мақала қайта басылған жағдайда журналға сілтеме жасалу міндетті. Авторлар келтірілген фактілердің, дәйексөздердің, жеке атаулардың, соның ішінде географиялық атаулардың шынайылығына жауапты.

Қазақстан Республикасының аумағында 75319 индексі бойынша тіркелген.

Ресей Федерациясының бұқаралық коммуникациялар және мәдени мұраны қорғау саласындағы заңнаманың сақталуын қадағалау жөніндегі федералдық қызметі РФ аумағында «Қазіргі заманғы маңызды мәселелер» (Қазақстан Республикасы) халықаралық журналын таратуға рұқсат берілген. 2006 жылғы 6 шілдедегі № 78 РП шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының өнімдерін таратуға рұқсаттама РФ аумағында № 88044 индексі, "Пресса России" Біріккен каталогында № 000053 индексі бойынша тіркелген.

«Қазіргі заманғы маңызды мәселелер» Халықаралық ғылыми журналы «Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі» Ұлттық ақпараттық-талдау жүйесіне (РИНЦ)

енгізілген. 18.02.2016 ж. № 75-02 / 2016 шарт

Главный редактор

К.Б. Аданов, PhD, Академия «Bolashaq», Казахстан

Заместитель главного редактора

А.Л. Шевякова, кандидат исторических наук, Академия «Bolashaq», Казахстан

О. Капранов, PhD, NLA University College, Норвегия

Исполнительный редактор

Б.Р. Хасенов, PhD, Академия «Bolashaq», Казахстан

Члены редакционной коллегии

<i>Й. Аурахер</i>	PhD, старший научный сотрудник	Национальный университет Сингапур	Сингапур
<i>Е.Ю. Протасова</i>	доктор филологических наук, профессор	Хельсинкский университет	Финляндия
<i>М.Т. Санчес</i>	PhD, старший преподаватель	Абердинский университет	Великобритания
<i>Б.М. Нургалиев</i>	доктор юридических наук, профессор	Карагандинский университет Казпотребсоюза	Казахстан
<i>Б. Симонович</i>	доктор юридических наук, профессор	Университет Крагуевац	Сербия
<i>К.Б. Сарбасова</i>	доктор педагогических наук, профессор, академик АПСК	Жетысуский университет имени И.Жансугурова	Казахстан
<i>С. Шахин</i>	PhD	Университет Акдениз	Турция
<i>Г.О. Тажигулова</i>	доктор педагогических наук, профессор	Карагандинский университет им. Е.А. Букетова	Казахстан
<i>Т.А. Данияров</i>	кандидат педагогических наук, профессор	Международный казахско-турецкий университет	Казахстан
<i>А. Сянова-Чантурия</i>	PhD	Виктория университет Веллингтона	Новая Зеландия
<i>А.А. Нурумов</i>	доктор экономических наук, профессор	Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева	Казахстан
<i>А.Г. Бутрин</i>	доктор экономических наук, профессор	Южно-Уральский государственный университет	Россия
<i>И.С. Насипов</i>	доктор филологических наук, профессор	Башкирский государственный педагогический университет	Россия
<i>Н.А. Исмаил</i>	PhD	Университет Тун Хуссейн Онн	Малайзия
<i>Е.Б. Касенов</i>	кандидат исторических наук, доцент	Академия «Bolashaq»	Казахстан
<i>А.П. Алексеев</i>	доктор философских наук, профессор	Московский государственный университет им. М. В. Ломоносова	Россия

Отдельные статьи: © 2025 Автор(ы).

Опубликовано Частным учреждением «Академия “Bolashaq”» / «Болашак-Баспа».

Статьи в данном выпуске распространяются на условиях лицензии Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0), если не указано иное.

Международный научный журнал «Актуальные проблемы современности» зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан (Свидетельство о постановке на учёт периодического печатного издания и№ 15583-Ж от 25.09.2015г.).

Периодичность издания: 1 раз в квартал

Основная тематическая направленность ППИ: разные направления науки. Журнал публикует научные статьи, материалы исследований, сообщения, рецензии и др.

При перепечатке ссылка на журнал обязательна. Авторы несут ответственность за достоверность приведенных фактов, цитат, имен собственных, в том числе географических названий.

Подписка на территории Республики Казахстан по индексу **75319**

Федеральная служба по надзору за соблюдением законодательства в сфере массовых коммуникаций и охране культурного наследия Российской Федерации разрешает распространение международного журнала «Актуальные проблемы современности» (Республика Казахстан) на территории РФ. Разрешение на распространение продукции зарубежных периодических печатных изданий РП № 78 от 6 июля 2006 г. Подписка на территории РФ по индексу 88044 в объединенном каталоге «Пресса России» № 000053

Международный научный журнал «Актуальные проблемы современности» включен в национальную информационно-аналитическую систему «Российский индекс научного цитирования» (РИНЦ) – Договор № 75-02/2016 от 18 февраля 2016 г.

Editor-in-Chief

K.B. Adanov, PhD, «Bolashaq» Academy, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief

A.L. Shevyakova, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, «Bolashaq» Academy, Kazakhstan
O. Kapranov, PhD, Associate Professor, NLA University College, Norway

Executive Editor

B.R. Khassenov, PhD, «Bolashaq» Academy, Kazakhstan

Editorial Board Members

<i>J. Auracher</i>	PhD, Senior Researcher	National University of Singapore	Singapore
<i>E.Y. Protassova</i>	Doctor of Philology, Professor	University of Helsinki	Finland
<i>M.T. Sánchez</i>	PhD, Senior Lecturer	University of Aberdeen	United Kingdom
<i>B.M. Nurgaliev</i>	Doctor of Law, Professor	Karaganda University of Kazpotreboyz	Kazakhstan
<i>B. Simonovich</i>	Doctor of Law, Professor	University of Kragujevac	Serbia
<i>K.B. Sarbasova</i>	Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of APSK	Zhetysu University named after I. Zhansugurov	Kazakhstan
<i>S. Şahin</i>	PhD	Akdeniz University	Turkey
<i>G.O. Tazhigulova</i>	Doctor of Pedagogy, Professor	E.A. Buketov Karaganda University	Kazakhstan
<i>T.A. Daniyarov</i>	Candidate of Pedagogical Sciences, Professor	Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University	Kazakhstan
<i>A. Siyanova-Chanturia</i>	PhD	Victoria University of Wellington	New Zealand
<i>A.A. Nurumov</i>	Doctor of Economics, Professor	L. N. Gumilyov Eurasian National University	Kazakhstan
<i>A.G. Butrin</i>	Doctor of Economics, Professor	South Ural State University	Russia
<i>I.S. Nasipov</i>	Doctor of Philology, Professor	Bashkir State Pedagogical University	Russia
<i>N.A. Ismail</i>	PhD	Universiti Tun Hussein Onn Malaysia	Malaysia
<i>Y.B. Kasenov</i>	Candidate of Historical Sciences, Associate Professor	«Bolashaq» Academy	Kazakhstan
<i>A.P. Alekseev</i>	Doctor of Philosophy, Professor	Moscow State University named after M. V. Lomonosov	Russia

Individual articles: © 2025 The Author(s).

Published by Private Institution “Bolashaq” Academy / “Болашақ-Баспа”.

Articles in this issue are distributed under the Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0), unless otherwise stated.

The international scientific journal «Actual problems of present» was registered by the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan (Certificate of registration of periodicals and № 15583-Ж dated September 25, 2015).

Frequency of publication: quarterly

The main thematic focus : different branches of science. The journal publishes scientific articles, materials of the research, reports, reviews, etc.
When reprinting, a link to the journal is required. The authors are responsible for the accuracy of the facts, quotes, proper names, including geographical names.
Subscription on the territory of the Republic of Kazakhstan on the index 75319

The Federal Service for the Supervision of Compliance with the Law in the Field of Mass Communications and the Protection of the Cultural Heritage of the Russian Federation allows the distribution of the international journal «Actual problems of modernity» (Republic of Kazakhstan) on the territory of the Russian Federation. Permission to distribute products of foreign periodicals of the RF № 78 dated July 6, 2006. Subscription on the territory of the Russian Federation by the index 88044 in the joint catalog “Press of Russia” № 000053

The international scientific journal «Actual problems of present» включен в национальную информационно-аналитическую систему «Российский индекс научного цитирования» (РИНЦ) – Договор No. 75-02 / 2016 dated February 18, 2016

МАЗМҰНЫ

Әтеш Ө.

Ерлан Жүніс поэзиясы: Жол, Уақыт және Ғарыш архетиптері – Экзистенциалдық және махаббат лирикасының тоғысы.....7

Хасенов Б., Бахитова Ж.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың семантикалық сәйкестігі: дыбыс символизміне эксперименттік талдау.....19

Болдыш С.К., Тұрғанбай М.Д., Смагулова Г.С., Турсынова А.

Халық медицинасы: денсаулық сақтау саласының өткені мен болашағы арасындағы көпір....31

Дәрібекова А.С., Дәрібеков С.С., Дәрібекова Н.С.

Қазақстандық кәсіпорындарда киберқауіпсіздікті басқаруды жетілдіру.....42

Тулбаев Е.А., Тутай Д.С., Темиреева Н.Б., Карабаева Г.А., Турсынова А.Ж.

Болашақ фармацевтерде ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырудағы ғылыми бағытталған тәсілдің рөлі.....59

Тлеубеков Т.С., Мурзалиева Г.Т., Айнабеков А.Е., Рязанцев М.И.

Өмір эликсирі: биологиялық белсенді үстеме құрамы мен әсерін зерттеу.....70

Бегимов Д.О., Алимжанов Д.С.

Тәжірибелік сабақ – оқу үдерісіндегі қажетті бөліктердің бірі.....83

ОГЛАВЛЕНИЕ

Атеш О.

Поэзия Ерлана Жюниса: Архетипы дороги, времени и космоса – Синтез экзистенциальной и любовной лирики.....7

Хасенов Б., Бахитова Ж.

Семантическая идентичность гласных в казахском языке: экспериментальный анализ звуко-символизма.....19

Болдыш С.К., Тұрғанбай М.Д., Смагулова Г.С.¹, Турсынова А.

Народная медицина: мост между прошлым и будущим здравоохранения.....31

Дарибекова А.С., Дарибеков С.С., Дарибекова Н.С.

Совершенствование управления кибербезопасности на предприятиях Казахстана.....42

Тулбаев Е.А., Тутай Д.С., Темиреева Н.Б., Карабаева Г.А., Турсынова А.Ж.

Роль научно-ориентированного подхода при формировании исследовательских навыков у будущих фармацевтов.....59

Тлеубеков Т.С., Мурзалиева Г.Т., Айнабеков А.Е., Рязанцев М.И.

Эликсир жизни: исследования состава и действия биологически активных добавок.....70

Бегимов Д.О., Алимжанов Д.С.

Практическое занятие - одна из необходимых частей учебного процесса.....83

CONTENTS

Ateş Ö.

Erlan Zhünis's Poetry: Archetypes of Road, Time, and Cosmos – A Synthesis of Existential and Love Lyric.....7

Khassenov B, Bakhitova Zh

Semantic identity of vowels in the Kazakh language: an experimental analysis of sound symbolism.....19

Boldysh S.K., Turganbay M.D., Smagulova G.S., Tursynova A.

Traditional medicine: a bridge between the past and the future of healthcare.....31

Daribekova A.S., Daribekov S.S., Daribekova N.S.

Improving cybersecurity management in Kazakhstan enterprises.....42

Tulebayev Y, Tutay D., Temireyeva N., Karabayeva G., Tursynova A.	
The role of a science-oriented approach in developing research skills among future pharmacists.....	59
Tleubekov T.S., Murzalieva G.T., Ainabekov A.E., Ryazantsev M.I.	
Elixir of life: research on the composition and effects of biologically active supplements.....	70
Beginov D. O., Alimzhanov D. S.	
Practical training is one of the necessary parts in the educational process.....	83

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың семантикалық сәйкестігі: дыбыс символизміне эксперименттік талдау

Болат Хасенов^{1*}, Жанель Бахитова²

^{1*}Ғылым және халықаралық байланыс басқармасы, «Болашақ» академиясы, Қарағанды, 100012, Қазақстан. Email: bolat.khassenov@bolashaq.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0092-7143>

²Филология факультеті, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, 100026, Қазақстан. Email: bakhit8va@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-6704-2190>

Аннотация

Бұл мақалада қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың семантикалық сәйкестігі дыбыс символизмі тұрғысынан кешенді түрде қарастырылды. Зерттеудің басты мақсаты – белгілі бір дауысты фонемалардың универсалды мағыналық оппозициялармен сәйкестігін эксперименттік әдістер арқылы айқындау және олардың когнитивтік, мәдени астарын анықтау. Дыбыс символизмі әлемдік лингвистикада кеңінен зерттелгенімен, қазақ тілінде бұл мәселе жүйелі түрде әлі де аз қарастырылған. Осы тұрғыдан алғанда, бұл жұмыс қазақ тіл біліміндегі маңызды ғылыми олқылықтың орнын толтыруға бағытталды. Зерттеуге қазақ тіліндегі бес дауысты дыбыс (А, Ә, І, О, Ұ) және он түрлі семантикалық оппозиция (үлкен–кіші, ақ–қара, жарық–қараңғы, ер–әйел, күшті–әлсіз) таңдап алынды. Экспериментке 18–25 жас аралығындағы 67 қазақтілді қатысушы тартылып, Google Forms платформасында семантикалық дифференциал әдісі қолданылды. Жиналған жауаптар Jamovi бағдарламасы арқылы өңделіп, орташа арифметикалық мәндер, медиана және стандартты ауытқулар есептелді. Нәтижелер дыбыстар мен ұғымдар арасындағы сәйкестіктің кездейсоқ емес екенін көрсетті. «О» және «Ұ» дыбыстары көлем, күш, ерлік сияқты мағыналармен, ал «І» мен «Ә» дыбыстары нәзіктік, әлсіздік, әйелдікпен байланысты бағаланды. «А» дыбысы әмбебап сипатқа ие болып, бір мезгілде қарама-қарсы ұғымдармен де (мысалы, «ақ»–«қара», «жарық»–«қараңғы») жоғары сәйкестік танытты. Бұл оның қазақ тіліндегі универсалды символдық рөлін айқындады. Зерттеу қорытындылары дыбыс символизмінің қазақ тілінде де табиғи, артикуляциялық және когнитивтік негізде қалыптасатынын дәлелдейді. Сонымен қатар, ол ұлттық дүниетанымдағы «жуан – аталық, жіңішке – аналық» дихотомиясымен сабақтасып, мәдени кодты айқындайды.

Кілт сөздер: дыбыс символизмі, қазақ тілі, дауысты дыбыстар, семантикалық сәйкестік, эксперимент.

Семантическая идентичность гласных в казахском языке: экспериментальный анализ звукосимволизма

Болат Хасенов^{1*}, Жанель Бахитова²

^{1*}Управление науки и международного сотрудничества, Академия «Болашақ», Караганда, 100012, Қазақстан. Email: bolat.khassenov@bolashaq.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0092-7143>

²Филологический факультет, Карагандинский Национальный исследовательский университет имени академика Е. А. Букетова, Караганда, 100026, Казахстан. Email: bakhit8va@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-6704-2190>

Аннотация

В данной статье всесторонне исследуется семантическая соотнесённость гласных звуков казахского языка в контексте теории звуко-символизма. Основная цель работы заключается в том, чтобы определить соответствие отдельных гласных фонем универсальным семантическим оппозициям с помощью экспериментальных методов и выявить их когнитивные и культурные основания. Несмотря на широкое распространение исследований по звуко-символизму в мировой лингвистике, в казахском языкознании эта проблема до сих пор освещена недостаточно. В связи с этим данное исследование восполняет существенный пробел в отечественной науке. В качестве материала были выбраны пять казахских гласных звуков (А, Ә, І, О, Ұ) и десять семантических оппозиций (большой–малый, белый–чёрный, свет–тьма, мужской–женский, сильный–слабый). В эксперименте приняли участие 67 носителей казахского языка в возрасте от 18 до 25 лет. Анкетирование было проведено на платформе Google Forms с использованием метода семантического дифференциала. Полученные данные обработаны в программе Jamovi, рассчитаны средние значения, медианы и стандартные отклонения. Результаты показали, что связь между звуками и значениями носит не случайный характер. Звуки «О» и «Ұ» чаще ассоциировались с понятиями объёмности, силы и мужественности, тогда как «І» и «Ә» связывались с женственностью, слабостью и нежностью. Звук «А» продемонстрировал универсальные свойства, одновременно ассоциируясь с противоположными категориями («белый–чёрный», «свет–тьма»). Это подтверждает его особую символическую функцию в казахском языке. Таким образом, было доказано, что звуко-символизм в казахском языке основан как на артикуляционно-акустических характеристиках, так и на когнитивных и культурных факторах.

Ключевые слова: звуко-символизм, казахский язык, гласные, семантическая соотнесённость, эксперимент.

Semantic identity of vowels in the Kazakh language: an experimental analysis of sound symbolism

Bolat Khassenov^{1}, Zhanel Bakhitova²*

^{1*}Office of science and international relations, academy “Bolashaq”, Karaganda, 100012, Kazakhstan. Email: bolat.khassenov@bolashaq.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0092-7143>

²Faculty of Philology, Karaganda National Research University named after Academician E. A. Buketov, Karaganda, 100026, Kazakhstan. Email: bakhit8va@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-6704-2190>

Abstract

This article provides a comprehensive study of the semantic correspondence of Kazakh vowel sounds within the framework of sound symbolism theory. The main aim of the research is to determine the associations between specific vowel phonemes and universal semantic oppositions through experimental methods, and to reveal their cognitive and cultural foundations. Although sound symbolism has been widely investigated in global linguistics, it remains insufficiently explored in Kazakh linguistics. Thus, this study addresses an important gap in the field. Five Kazakh vowel sounds (A, Ä, İ, O, Ū) and ten semantic oppositions (big–small, white–black, light–dark, male–female, strong–weak) were selected as material. The experiment involved 67 native speakers of Kazakh aged 18–25. A survey was conducted on Google Forms using the semantic differential

method. The collected data were analyzed with the Jamovi program, calculating mean values, medians, and standard deviations. The findings demonstrated that the associations between sounds and meanings are not random. The vowels “O” and “Ü” were most often linked with concepts of largeness, strength, and masculinity, while “İ” and “Ä” were associated with weakness, smallness, and femininity. The vowel “A” revealed a universal symbolic function by showing significant associations with opposite categories such as “white–black” and “light–dark.” This highlights its multifunctional role in the Kazakh language. Overall, the study proves that sound symbolism in Kazakh is grounded not only in articulatory and acoustic features, but also in cognitive and cultural factors.

Keywords: sound symbolism, Kazakh language, vowels, semantic correspondence, experiment.

1. Кіріспе

XXI ғасырда тіл білімі жаңа парадигмалармен толықтырылып, дәстүрлі көзқарастармен қатар антропоэлектік, когнитивтік, психолингвистикалық бағыттар жаңа ғылыми зерттеулерге жол ашты. Осы бағыттардың түйіскен тұсында дыбыс символизмі (ағыл. sound symbolism) ұғымы ерекше назар аудартуда. Дыбыс символизмі — тілдегі дыбыстар мен мағыналар арасындағы табиғи, иконикалық байланыстарды зерттейтін сала. Ол дыбыстың мағына тудыруға қатыстылығын, яғни дыбыстық таңбалар мен олардың бейвербалды, ассоциативті қабылдануы арасындағы байланыстарды қарастырады.

Дәстүрлі лингвистикада дыбыстар мен мағыналардың арасында уәжсіз, шартты байланыс бар деп есептелді. Бұл тұжырым — Фердинанд де Соссюрден (1916) бастап структурализм бағытында үстемдік етті. Алайда дыбыс символизмі бұл парадигманың кейбір шектеулерін қайта қарастырып, дыбыстардың мағыналық қызметін эмпирикалық жолмен дәлелдеуге тырысады.

Дыбыс символизмінің теориялық негіздері Еуропалық лингвистикада ерте қалыптасқан. Сепир (1929) еңбектерінде дыбыстық формалардың семантикалық әсері зерттелді. Ал Кёллердің (1929) атақты «малума–такете» (maluma/takete) эксперименті дыбыстардың визуалды пішінмен сәйкестігін анықтауға бағытталған алғашқы эксперименттік зерттеу болды. Бұл тәжірибеде «малума» жұмсақ, домалақ пішіндермен, ал «такете» өткір, бұрышты пішіндермен сәйкестендірілгені анықталды. Кейіннен бұл тәжірибені. Рамачандран мен Хаббард (2001) «буба–кики» эффектісі арқылы жалғастырып, дыбыстардың иконикалық қабылдануы түрлі тілдік ортада ұқсас нәтиже беретінін дәлелдеді.

Дыбыс символизмі қазіргі таңда пәнаралық сипат алып, психолингвистика, когнитивтік лингвистика, фонетика, семиотика, нейролингвистика, лингвомәдениеттану, синестезия сынды салалармен тығыз байланыста дамуда (Имаи және т.б., 2025; Кноеферле және т.б., 2017; Нгаи және т.б., 2024; Ронайа, 2018; Сиджу мен Перлман, 2019; Вичман және т.б., 2010). Зерттеулер дыбыстың тек физикалық бірлік емес, сонымен бірге символикалық, эмоциялық-ассоциативтік мазмұн тудырушы екенін көрсетеді (Аурахер, 2017; Бартон мен Халберсдайт, 2018; де Варда мен Марелли, 2025; Ельсен, 2017; Чусклея және т.б., 2017). Бұл орайда фонетикалық форма мен семантикалық мазмұнның өзара шарттас болуы тілдік уәжділіктің жаңа деңгейін көрсетеді.

Кейінгі онжылдықта дыбыс символизміне қатысты іргелі зерттеулер саны артты. Кавахара (2020), Сватенсен (2017), Шинохара және Кавахара (2010) сияқты зерттеушілер дыбыс пен өлшем, эмоция, гендер, пішін, түс секілді универсалды ұғымдар арасындағы байланыстарды сипаттайтын іргелі жұмыстар жасады. Фейст (2013), Уинтер және Перлман (2021) еңбектері ағылшын тіліндегі дыбыс символизмін жүйелеуге бағытталса, Имаи мен Кита (2008) балалардың етістік үйренуіне дыбыстық иконика әсерін дәлелдеді. Йохансон және т.б. (2020) дыбыс символизмінің семантикалық-фонетикалық типологиясын жасауды ұсынды. Осы еңбектер дыбыс символизмінің әмбебап, пәнаралық және эмпирикалық зерттеу нысаны ретінде маңызын арттыра түсті.

Алайда дыбыс символизмі мәселесі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Қазақ тіл білімінде дыбыс пен мағына арасындағы байланысты алғаш арнайы қарастырған зерттеушілердің бірі — Хусаинов (1988). Ол қазақ тіліндегі фоносемантикалық құбылыстарды зерттей отырып, белгілі бір дыбыстардың ұғымдық реңк беру ерекшелігін сипаттады. Соңғы жылдары бұл бағыттағы зерттеулер жаңғырып келеді. Мәселен, Хасенов (2021) өз еңбегінде қазақ тіліндегі дыбыстардың архетиптік сипатын, яғни тарихи-мәдени жадымен сабақтастығын көрсетуге ұмтылды. Ол дыбыс пен ұғым, дыбыс пен бейне арасындағы символикалық байланыстардың түбірі түркілік дүниетанымға барып тірелетінін пайымдайды.

Қазақ тілінде дыбыстардың семантикалық реңк беру қабілеті фольклорда да байқалады. Мысалы, «ақ» пен «қара» ұғымдары тек түсті емес, сонымен қатар этикалық, әлеуметтік, символдық мән береді. Мұндай ұғымдарға сәйкес келетін дыбыстардың тілдік санада қалай қабылданатыны дыбыс символизмінің негізгі мәселесіне айналады. Бұл – тек тілдік факт емес, сонымен қатар когнитивтік-психологиялық құбылыс.

Түркі дүниетанымындағы «екі негіз» концепциясы (аталық–аналық) дыбыстық жүйеге де әсер еткен болуы мүмкін. Сартқожаұлы (2007) үндестік заңы мен дүниетанымдық дихотомияның байланысын сипаттай отырып, жуан дыбыстарды аталыққа, жіңішке дыбыстарды аналыққа телиді. Бұл концепция дыбыс символизмін тек тілдік жүйе шеңберінде емес, мәдени-рухани кеңістікте қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Жоғарыда айтылған теориялық және пәнаралық негіздерге сүйене отырып, біз дыбыс символизмінің қазақ тіліндегі көріністерін зерттеуді мақсат еттік. Әсіресе, қазіргі қазақ тіліндегі жекелеген дауысты дыбыстардың (А, Ә, І, О, Ұ) символикалық қабылдануы мен белгілі бір ұғымдармен (мысалы, үлкен–кіші, жарық–қараңғы, ақ–қара, ер–әйел, күшті–әлсіз) сәйкестігін эмпирикалық жолмен анықтау зерттеуіміздің өзегіне айналды.

Зерттеудің ғылыми өзектілігі мынадай жайттармен дәйектеледі:

1. Қазақ тіліндегі дыбыс символизмін эксперименталды және статистикалық тұрғыда алғаш рет талдау;
2. Дауысты дыбыстардың семантикалық реңк тудыру қабілетін бағалау;
3. Универсалды дыбыс-мағына сәйкестіктерінің қазақ тіліндегі көрінісін анықтау;
4. Түркілік дүниетаным мен тілдік сананың өзара байланысын эмпирикалық жолмен дәлелдеу;
5. Дыбыстардың символикалық әлеуетін ескере отырып, қазақ тілінің фоносемантикалық ерекшелігін сипаттау (БҰЛ өзің үшін ғой. Керек емесін алып таста. Мен тек вариант ұсындым).

Зерттеу нәтижелері дыбыс пен мағына арасындағы иконикалық байланыстың қазақ тілінде де көрініс табатынын, яғни дыбыстардың семантикалық-ассоциативтік қызметі бар екенін көрсетті. Бұл, өз кезегінде, тіл мен ойлаудың табиғи байланысы туралы пікірді нығайтып, қазақ тіліне тән фоносемантикалық заңдылықтарды айқындай түсуге мүмкіндік береді.

Осылайша, дыбыс символизмін қазақ тілінің табиғи жүйесі мен таным контексінде қарастыру — болашақта тілдің символдық әлеуетін жан-жақты сипаттауға, сондай-ақ ұлттық когнитивтік модельдерді түсіндіруге жол ашады. Сонымен қатар мұндай зерттеулер тіл үйрету, психолінгвистика, нейроғылым, атау теориясы (ономасиология), аударматану секілді салаларға да практикалық үлес қоса алады.

2. Әдіс

2.1. Қатысушылар

Зерттеу жұмысына 18 бен 25 жас аралығындағы 67 адам қатысты. Барлық қатысушылар дені сау, көру және есту қабілеттері қалыпты, қазақ тілін еркін меңгерген жастар қатарынан іріктелді. Зерттеуге қатысушылардың жынысы, ұлты және әлеуметтік мәртебесі бойынша арнайы шектеулер қойылған жоқ. Алайда зерттеуге қатысу үшін келесі критерийлер сақталуы

талап етілді: 1) көру қабілетінің бұзылмауы, 2) түс ажырату қабілетінің сақталуы (дальтоник болмауы), 3) қазақ тіліндегі дыбыстар мен сөздерді түсіне алу және мағынасын дұрыс пайымдай алу қабілеті. Қатысушыларға тәжірибеге өз еркімен қатысу ұсынылып, зерттеу шарты алдын ала түсіндірілді.

2.2. Материалдар

Зерттеу материалдары ретінде қазақ тіліндегі 5 дауысты дыбыс таңдалды: А, Ә, І, О, Ұ. Бұл дыбыстар фонетикалық ерекшеліктерге негізделі отырып іріктелді: ашық-жабық, жуан-жіңішке, қысаң-ашық белгілерін қамтиды. Дыбыстар арнайы фонемалық ортадан оқшауланып, жеке акустикалық белгі ретінде ұсынылды.

Сонымен қатар, дыбыстарды бағалау үшін 10 антонимдік ұғымдар жұбы қолданылды:

- үлкен – кіші
- ақ – қара
- жарық – қараңғы
- ер – әйел
- күшті – әлсіз

Бұл антонимдер универсалды семантикалық категориялар ретінде таңдалып, дыбыстармен символикалық сәйкестік деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

2.3. Процедура

Эксперименттік зерттеу Google Forms платформасында онлайн түрде жүргізілді. Қатысушыларға зерттеу туралы толық ақпарат пен нұсқаулық беріліп, олар зерттеуге қатысуға саналы келісімін берді. Эксперименттің бірінші бетінде мынадай нұсқаулық ұсынылды:

«Бұл зерттеу тілдік универсиялар мен дыбыс-мағына арасындағы сәйкестіктерді анықтауға бағытталған. Төменде ұсынылатын дыбыстар мен ұғымдар жұбының арасында қандай сәйкестік бар екенін бағалауыңыз сұралады. Бағалау шкаласы 1-ден 5-ке дейінгі аралықта жүргізіледі, мұнда 1 – сәйкестіктің өте әлсіз, ал 5 – сәйкестіктің өте жоғары екенін білдіреді».

Әр қатысушыға дыбыстар мен антонимдік жұптар кездейсоқ тәртіппен ұсынылды. Қатысушылар әр дыбыс пен ұғым жұбы арасындағы сәйкестікті семантикалық дифференциал әдісі бойынша бағалады. Бұл әдіс адамның тілдік және бейвербалды ассоциацияларын өлшеуге мүмкіндік береді. Әр дыбыс пен ұғым жұбына 1-ден 5-ке дейінгі баға берілді.

Мысалы:

- «А» дыбысы – үлкен: 4
- «І» дыбысы – жарық: 2
- «О» дыбысы – қара: 5

Барлық жауаптар Google Forms базасында сақталды және кейінірек статистикалық өңдеуге жіберілді.

2.4. Деректерді талдау

Жиналған деректер Jamovi бағдарламасы арқылы өңделді. Алдымен барлық жауаптар электрондық кестеге түсіріліп, әр дыбыс пен ұғым жұбы бойынша орташа арифметикалық көрсеткіш (Mean), медиана (Median), стандартты ауытқу (SD) және среднее стандартное отклонение (SE) есептелді. Бұл көрсеткіштер дыбыстың белгілі бір ұғыммен сәйкестік дәрежесін сандық тұрғыда сипаттауға мүмкіндік берді. Мысалы, «О» дыбысы мен «үлкен» ұғымы арасындағы орташа баға жоғары болса (мыс., Mean = 3.33), бұл олардың символикалық сәйкестігі жоғары екенін білдіреді. Ал «І» дыбысы мен «үлкен» ұғымының орташа бағасы төмен болса (мыс., Mean = 2.27), бұл сәйкесінше байланыстың әлсіздігін көрсетеді. Қосымша талдау ретінде кейбір дыбыстардың статистикалық мәні визуалды (артикуляциялық)

ерекшеліктеріне, фоносемантикалық табиғатына қарай түсіндірілді. Деректерді интерпретациялау кезінде алдыңғы зерттеулердегі нәтижелермен салыстырулар жүргізілді (мысалы, Sapir, 1929; Ramachandran & Hubbard, 2001; Kawahara, 2021).

3. Нәтиже

Зерттеу нәтижелері дыбыс символизмінің қазақ тілінде де семантикалық деңгейде көрініс табатынын айқын көрсетті. Әр дауысты дыбыс белгілі бір мағыналық оппозициялармен тұрақты немесе күтілмеген сәйкестіктер көрсетті. Бұл бөлімде алынған мәліметтер нақты статистикалық көрсеткіштермен талданып, семантикалық интерпретация жасалады. Нәтижелер дыбыстар мен ұғымдар арасындағы символикалық байланыстардың артикуляциялық, акустикалық және мәдени-когнитивтік факторлармен анықталатынын дәлелдейді.

3.1. «Үлкен» ұғымымен байланыс

«Үлкен» ұғымымен ең күшті байланыс көрсеткен дыбыс – «О» (орташа мәні – 3.33). Бұл жуан, ашық дауысты дыбыс артикуляциялық тұрғыдан кең, дөңгелек пішінді білдіреді, сондықтан ол көлемділік, кеңістік, толықтық секілді семалармен ұштасады. Дыбыстың физикалық акустикасы да төмен жиілікті, кең резонансты, бұл оның үлкендікпен ассоциациялануына ықпал етеді. «Орталық», «ойпат», «домалақ» сияқты сөздерде де бұл дыбыс кеңістікпен байланысты.

Келесі орында «Ұ» дыбысы тұр (Mean = 3.18). Бұл дыбыс та жуан әрі қысаң артикуляцияға ие. Ол да көлем мен салмақтылықты білдіретін мағыналармен астасып жатады. Бұл, әсіресе, «ұзын», «ұлғайту», «ұлт» сөздерінде байқалады.

Керісінше, «І» дыбысы (Mean = 2.27) «Үлкен» ұғымымен ең әлсіз сәйкестік көрсетті. Бұл дыбыс өте жіңішке, қысаң және тіл алды дыбыстардың қатарына жатады. Оның акустикалық табиғаты – әлсіз резонанс, қысқа дыбысталуы, тар артикуляциялық база – «кішірейту» ұғымымен байланысады. Бұл тұжырым Сепирдің (1929) және Kawahara мен Shinohara-ның (2010) ағылшын тіліндегі дыбыстармен жүргізілген зерттеулерінің нәтижелерімен ұқсас.

3.2. «Кіші» ұғымымен байланыс

«Кіші» ұғымымен «І» дыбысы ең жоғары мәнге ие болды (Mean = 3.50). Бұл дыбыстың артикуляциялық сипаты оның ұсақ, нәзік, жеңіл мағыналармен ұштасуына ықпал етеді. Қазақ тілінде «кіші», «жіңішке», «шетін», «нәзік» деген сөздерде кездесетін бұл дыбыс көбіне нәзіктік пен әлсіздік мағынасына ие.

«Ә» дыбысы (Mean = 2.85) да «Кіші» ұғымымен салыстырмалы түрде жақын, бұл оның жіңішке және әуезді дыбысталуының әсері болуы мүмкін. Ал «А» дыбысы «Кіші» ұғымымен ең төмен баға алды (Mean = 2.08), бұл оның кең, ашық және мағыналық жағынан ауқымды дыбыс екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

3.3. «Ақ» және «Қара» ұғымдары

«Ақ» ұғымымен ең күшті сәйкестік «А» дыбысына (Mean = 3.58) берілді. Бұл дыбыс ашық, жуан, эмоционалды жағымды реңкті береді. Ол жарықтықпен, тазалықпен, ақиқатпен байланысады. Қазақ тілінде «ақиқат», «ақжарқын», «адал», «ақкөңіл» секілді позитивті реңкке ие сөздерде жиі кездеседі.

«Қара» ұғымымен де «А» дыбысы ең жоғары баға алды (Mean = 3.41). Бұл күтпеген нәтиже – дыбыстың символикалық икемділігін көрсетеді. Бұл жерде дыбыс контекске тәуелді мағыналық реңк беретінін көрсетеді. Сонымен бірге, «қара» сөзі өз бойында да «А» дыбысын камтиды, бұл интуитивті сәйкестікті күшейткен болуы мүмкін.

Қалған дыбыстар – «Ә», «І», «О», «Ұ» – «Ақ» және «Қара» ұғымдарымен әлсіз немесе орташа сәйкестік көрсетті.

3. 4. «Жарық» және «Қараңғы» ұғымдары

«Жарық» ұғымына қатысты да ең жоғары балл «А» дыбысына берілді (Mean = 3.58). Бұл дыбыстың кең ашылатын артикуляциясы, жоғары интенсивтілігі жарықтықты білдіретін көркем бейнелермен байланысуына ықпал етеді. Қазақ тіліндегі «жарық», «жаз», «жадыраңқы», «ашық» сөздерінде бұл дыбыс жиі кездеседі.

«Қараңғы» ұғымымен де ең жоғары көрсеткіш «А» дыбысына тиесілі (Mean = 3.02). Бұл парадоксалды нәтиже дыбыс символизмінде бір дыбыстың бірнеше, тіпті қарама-қарсы мағыналармен байланысты бола алатынын көрсетеді. Бұл дыбыс көркем мәтінде полисемантикалық бейне жасауға ыңғайлы екенін білдіреді.

3. 5. «Ер» және «Әйел» ұғымдары

«Ер» ұғымымен «Ұ» дыбысы ең жоғары сәйкестік көрсетті (Mean = 2.82). Бұл дыбыс жуан, қысаң, тіл арты позициясында жасалады. Ол түркілік дүниетанымдағы аталық, батырлық, күш ұғымдарымен тығыз байланысты. Қ.Сартқожаұлы атап өткендей, жуан дыбыстар аталық бастамамен байланысады.

Ал «Әйел» ұғымымен ең жоғары сәйкестік «Ә» дыбысына (Mean = 3.44) тиесілі. Бұл дыбыстың нәзік, әуезді, жіңішке табиғаты әйелдікпен байланысты эмоционалдық реңк тудырады. Қазақ тіліндегі «әдемі», «әсем», «әуезді», «нәзік» сияқты сөздерде де осы дыбыстың символикалық рөлі айқын байқалады.

3. 6. «Күшті» және «Әлсіз» ұғымдары

«Күшті» ұғымымен «О» және «Ұ» дыбыстары тең дәрежеде бағаланды (Mean = 2.91). Екеуі де жуан, кең артикуляциялық базаға ие, акустикалық түрде салмақты, қатаң, резонансты дыбыстар. Олармен ассоциацияланған ұғымдар – мықтылық, күш, билік.


Керісінше, «Ә» (Mean = 3.47) және «І» (Mean = 3.35) дыбыстары «Әлсіз» ұғымымен жоғары сәйкестік көрсетті. Бұл олардың фоносемантикалық тұрғыдан нәзік, жұмсақ, иілгіш ұғымдармен байланысын дәлелдейді.

Жалпы нәтижелерден (Сурет 1) төмендегідей фоносемантикалық заңдылықтар айқындалды:

- Жуан дауыстылар (О, Ұ) — көбіне үлкен, күшті, ер, қараңғы сияқты семантикалық өрістермен байланысады.

- Жіңішке дауыстылар (І, Ә) — кішкентай, нәзік, әлсіз, әйел сияқты ұғымдармен тығыз байланысты.

- А дыбысы — универсалды сипатты дыбыс. Ол әрі жарық, әрі қараңғы, әрі ақ, әрі қара мағыналармен байланыса алады. Бұл оны ерекше дыбыс символы ретінде қарастыруға негіз береді.



Сурет 1. Жалпы нәтижелер

Бұл зерттеудің нәтижелері дыбыс пен мағына арасындағы байланыс қазақ тілінде де шартты емес, табиғи сәйкестікке негізделетінін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл сәйкестіктер артикуляциялық және акустикалық сипаттармен қатар ұлттық дүниетаным мен мәдени кодпен де тығыз байланысты.

4. Талқылау

Зерттеу нәтижелері дыбыс символизмінің қазақ тілінде де маңызды лингвистикалық және когнитивтік құбылыс екенін көрсетті. Әрбір дауысты дыбыстың нақты семантикалық ұғымдармен тұрақты сәйкестікте қабылдануы дыбыстардың тек артикуляциялық немесе акустикалық бірлік емес, сонымен қатар мағына тудырушы символикалық таңба екенін дәлелдейді. Бұл бөлімде зерттеу нәтижелері түрлі лингвистикалық бағыттағы ғалымдардың тұжырымдарымен салыстырыла отырып, интерпретацияланады.

4. 1. Дыбыс пен мағына арасындағы табиғи байланыс

Ф. де Соссюр тілдік таңбаның шартты, уәжсіз сипатын атап өтсе де, дыбыс символизмі оның бұл көзқарасына қарсы бағытта дамыды. Зерттеуіміз көрсеткендей, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар белгілі бір семантикалық өрістермен тұрақты байланысқа түсе алады. Мысалы, «О» және «Ұ» дыбыстары көбіне «Үлкен», «Күшті», «Ер» сияқты ұғымдармен, ал «Ә» және «І» дыбыстары «Кіші», «Әлсіз», «Әйел» секілді мағыналармен сәйкестікте бағаланды.

Эдвард Сепир (1929) өзінің танымал экспериментінде ағылшын тіліндегі жасанды «maI» (жуан) және «miI» (жіңішке) сөздерінің «үлкен» және «кішкентай» ұғымдарымен қалай байланысатынын дәлелдеген болатын. Біздің зерттеуіміз осы классикалық тәжірибенің қазақ тіліне де әмбебап екендігін нақтылады. Бұл дыбыс-мағына арасындағы иконикалық байланыстың ұлттық шекаралардан тыс, әмбебап сипаты бар екенін көрсетеді.

4. 2. Артикуляциялық және акустикалық факторлар

Зерттеулер нәтижесінде дыбыстардың семантикалық ұғымдармен сәйкестігі көбіне олардың артикуляциялық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Kawahara (2021) (Мынау мысал, ол солай деді ме? Тексер) дыбыс символизмін фонетикамен байланыстыра отырып, *ашық/жабық, жуан/жіңішке, тіл алды/тіл арты* параметрлерінің мағынамен сәйкестігін

қарастырған. Мысалы, жуан дыбыстар (тіл арты) төмен жиілікті, кең резонансты болатынына байланысты күшті, үлкен, ауыр мағыналармен байланыстырылады. Бұл біздің зерттеуде «О» және «Ұ» дыбыстарының жоғары бағалануы арқылы расталды.

Екінші жағынан, жіңішке дыбыстар – жоғары жиілікті, қысқа және әлсіз резонанс тудырады. Мәселен, «І» дыбысы «Кіші» (Mean = 3.50) және «Әлсіз» (Mean = 3.35) ұғымдарымен жоғары байланыс көрсеткен. Бұл дыбыстардың фонетикалық сипаты олардың мағыналық интерпретациясына ықпал етіп, Shinohara & Kawahara (2010) еңбектеріндегі жіңішке дыбыстардың (тіл алды) «кішкентайлық» пен «әлсіздікпен» байланысын дәлелдейтін нәтижелермен сәйкес келеді.

4. 3. Дыбыс символизмінің когнитивтік негіздері

Дыбыстардың мағыналық сәйкестігі тек фонетикалық емес, сонымен қатар когнитивтік негізге ие. Рамачандран мен Хаббард (2001) «буба–кики» эффектісі арқылы дыбыстардың визуалды пішіндермен сәйкестігін көрсетіп, бұл құбылыстың ми деңгейінде өңделетінін дәлелдеген. Олар дыбыс пен мағына арасындағы байланысты төменгі (фонетикалық-көрнекі) және жоғарғы (мағыналық, концептуалды) деңгейлермен түсіндіреді.

Зерттеуімізде де мұндай сәйкестік байқалды: «О» дыбысы – дөңгелек, кең, домалақ формамен ұқсастырылып, үлкендікпен, салмақтылықпен байланыстырылды. Ал «І» мен «Ә» дыбыстары жіңішке, тіке, сызықтық сипатқа ие болғандықтан, олар нәзіктік пен кішірейтуге ұқсас мағыналармен бағаланды. Бұл сәйкестіктер қатысушылардың тілдік емес, когнитивтік ассоциациялары арқылы жасалғандығын көрсетеді.

4. 4. Ұлттық дүниетаным және дыбыс символикасы

Қазақ тіліндегі дыбыс символизмін түркілік дүниетаныммен байланыстыра отырып түсіндіру орынды. Сартқожаұлы (2007) үндестік заңын түркілік «екі негіз» – аталық және аналық бастаумен байланыстырған. Оның пікірінше, жуан дыбыстар – аталықты, жіңішке дыбыстар – аналықты білдіреді. Біздің зерттеуіміз де бұл тұжырымды қолдайды: «Ер» ұғымымен жуан «Ұ» және «О» дыбыстары, ал «Әйел» ұғымымен жіңішке «Ә» дыбысы сәйкестендірілді. Сонымен қатар, Хасенов (2021) дыбыстардың архетиптік мағына тудыру қабілетін зерттей отырып, олардың ұлттық мәдени жадымен байланысын сипаттаған.

«Ә» дыбысының «нәзік», «сәнді», «әуезді» сөздермен байланысы – оның әйелдік символикасын күшейтеді. Бұл ассоциациялар лингвомәдени тұрғыдан да, тілдік санада да орныққан. Осындай ұлттық танымға негізделген символикалық реңктер дыбыстардың семантикалық ролін кеңейтіп, оларды лексикалық деңгейден жоғары, когнитивтік-мәдени деңгейге көтереді.

4. 5. Дауысты дыбыстардың универсалдығы және ерекшелігі

«А» дыбысы зерттеу барысында ең қызықты, көпмәнді нәтиже көрсетті. Бұл дыбыс бір мезгілде «Ақ» (Mean = 3.58), «Жарық» (Mean = 3.58), бірақ сонымен қатар «Қара» (Mean = 3.41), «Қараңғы» (Mean = 3.02) ұғымдарымен де жоғары бағаланған. Бұл құбылыс дыбыстың универсал дыбыс ретіндегі икемділігін, полисемантикалық табиғатын көрсетеді.

Бұл нәтиже Эльсен (2017) зерттеуіндегі дыбыс символизмінің екі түрі – табиғи иконика (табиғи сәйкестік) және шартты иконика (мәдени келісім) концепцияларымен түсіндіріледі. «А» дыбысы – фонетикалық тұрғыдан ашық, эмоционалды, универсалды дыбыс, сондықтан ол түрлі, тіпті қарама-қарсы мағыналармен де байланыса алады.

4. 6. Практикалық маңыздылығы

Зерттеу нәтижелері тіл үйрету, нейролингвистика, балалардың сөз үйрену процестері, брендинг, жарнама тілі секілді салаларда пайдалы болуы мүмкін. Мысалы, Imai et al. (2008) дыбыс символизмінің баланың етістік үйренуіне әсер ететінін көрсеткен. Бұл қазақ тіліндегі

тілдік дамуда да маңызды бағыт болуы мүмкін. Сонымен қатар, дыбыс символизмі есімдер, поэзия, көркем мәтіндердің эмоциялық әсерін күшейтуде де рөл атқара алады.

4. 7. Зерттеудің шектеулері мен болашақ бағыттар

Зерттеу негізінен бес дауысты дыбыс пен он мағыналық оппозицияға бағытталған. Бұл шектеулі жиынтық қазақ тілінің барлық дыбыстық және мағыналық байлығын толық қамтымайды. Алдағы зерттеулерде дауысты және дауыссыз дыбыстарды қатар қарастырып, нақты фоносемантикалық өрістер жасақтау мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, жыныс, жас, аймақтық факторлар мен әлеуметтік мәртебелерді салыстыру арқылы дыбыс символизмі мен қабылдау арасындағы айырмашылықтарды бағалауға болады.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу дыбыс символизмінің қазақ тілінде де нақты тілдік, когнитивтік және мәдени көріністерге ие екенін көрсетті. Дыбыстар тек дыбысталатын бірлік емес, сонымен қатар мағына тудыратын күшке ие таңбалар. Олардың қабылдануы адамның фонетикалық, визуалды және мәдени тәжірибесіне сүйенеді. Осы бағыттағы зерттеулер қазақ тілінің табиғи семиотикалық және когнитивтік әлеуетін түсінуге елеулі үлес қосатыны анық.

5. Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысы қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың семантикалық мағына тудыру мүмкіндіктерін анықтау мақсатында дыбыс символизмі құбылысын эксперименталды-статистикалық тұрғыдан қарастырды. Нәтижесінде дыбыстар мен белгілі бір мағыналық ұғымдар арасындағы сәйкестік кездейсоқ емес, табиғи, артикуляциялық және когнитивтік сипаттарға негізделетінін көрсетті.

Зерттеу барысында «О» және «Ұ» дыбыстары көбіне «Үлкен», «Күшті», «Ер» секілді жуан, салмақты ұғымдармен байланысты бағаланса, «І» және «Ә» дыбыстары «Кіші», «Әлсіз», «Әйел» сияқты нәзік, жеңіл ұғымдармен сәйкестендірілді. Ал «А» дыбысы бір мезетте қарама-қарсы мағыналық қатарлармен (мысалы, «Ақ»–«Қара», «Жарық»–«Қараңғы») жоғары сәйкестік көрсетіп, оның универсалды, полифункционалды дыбыс екенін дәлелдеді.

Бұл нәтиже дыбыс символизмінің қазақ тілінде де фонетикалық негізге сүйене отырып қалыптасатынын, сонымен бірге ұлттық дүниетаныммен сабақтас екенін көрсетті. Түркілік «екі негіз» концепциясы (жуан – аталық, жіңішке – аналық) дыбыстардың мәдени-символикалық жүктемесін түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дыбыс пен мағына арасындағы иконикалық байланыс қатысушылардың когнитивтік және ассоциативтік қабылдауына тәуелді болып, фонетика мен сана арасындағы байланысты айқындады.

Зерттеу қазақ тілінің фоносемантикалық әлеуетін анықтауда маңызды қадам болып табылады. Дыбыстардың символдық қызметін эксперимент арқылы дәлелдеу тіл біліміндегі антропоэзеттік бағыттың өрісін кеңейтіп, лингвомәдениеттану, психолингвистика және когнитивтік лингвистика салаларындағы ізденістерге негіз бола алады.

Алдағы уақытта дыбыс символизмін кеңірек ауқымда – дауыссыз дыбыстар, морфемалар, тілдік регистрлер мен көркем мәтіндерде зерттеу – қазақ тіліндегі дыбыстық бейнелеу құралдарының толық картасын жасауға мүмкіндік береді.

Алғыс айту

Автор зерттеу жүргізу барысында пікір білдірген әріптестеріне алғыс айтады.

Қаржыландыру туралы мәлімет

Бұл зерттеу ешқандай қаржылық қолдаусыз орындалды.

Мүдделер қақтығысы

Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

Б.Хасенов зерттеу тұжырымдамасын айқындап, әдіснаманы әзірледі, Ж.Бахитова - деректерді жинап, талдау жасады, Б.Хасенов пен Ж.Бахитова нәтижелерді интерпретациялап, мақаланың қорытынды нұсқасын дайындады.

Деректердің қолжетімділігі

Мақалада пайдаланылған деректерді автордан сұрау арқылы алуға болады.

Әдібиеттер тізімі/Reference

1. Auracher, J. (2017). Sound iconicity of abstract concepts: Place of articulation is implicitly associated with abstract concepts of size and social dominance. *PLOS ONE*, 12(11), e0187196. DOI: <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0187196>
2. Barton, D. N., & Halberstadt, J. (2018). A social Bouba/Kiki effect: A bias for people whose names match their faces. *Psychonomic Bulletin & Review*, 25, 1013–1020.
3. Cuskley, C., Simner, J., & Kirby, S. (2017). Phonological and orthographic influences in the bouba–kiki effect. *Psychological Research*, 81, 119–130.
4. de Varda, A. G., & Marelli, M. (2025). Cracking arbitrariness: A data-driven study of auditory iconicity in spoken English. *Psychonomic Bulletin & Review*, 1–18. DOI: <https://doi.org/10.3758/s13423-025-02346-z>
5. Elsen, H. (2017). The two meanings of sound symbolism. *Open Linguistics*, 3(1), 491–499. DOI: <https://doi.org/10.1515/opli-2017-0032>
6. Johansson, E., Anikin, N., Carling, A., & Holmer, A. (2020). The typology of sound symbolism: Defining macro-concepts via their semantic and phonetic features. *Linguistic Typology*, 24(2), 253–310.
7. Feist, J. (2013). “Sound symbolism” in English. *Journal of Pragmatics*, 45(1), 104–118.
8. Imai, M., Kita, S., Nagumo, M., & Okada, H. (2008). Sound symbolism facilitates early verb learning. *Cognition*, 109(1), 54–65.
9. Imai, M., Kita, S., Akita, K., Saji, N., Ohba, M., & Namatame, M. (2025). Does sound symbolism need sound? The role of articulatory movement in detecting iconicity between sound and meaning. *The Journal of the Acoustical Society of America*, 157(1), 137–148.
10. Kawahara, S. (2020). Sound symbolism and theoretical phonology. *Language and Linguistics Compass*, 14(8), e12372. DOI: <https://doi.org/10.1111/lnc3.12372>
11. Kawahara, S. (2021). Phonetic bases of sound symbolism: A review. PsyArXiv Preprints. DOI: <https://doi.org/10.31234/osf.io/wq7um>
12. Khassenov, B., Adilova, A., & Rapisheva, Z. (2022). Colour symbolism in Turkic culture: A new look in the reconstruction of colour designation. *Pertanika Journal of Social Sciences & Humanities*, 30(4), 1753–1766.
13. Khassenov, B. (2021). *Qazaq tili dybystarynyng arhetiptik sypaty* [Archetypal features of Kazakh speech sounds]. Karaganda.
14. Khusainov, K. S. (1988). *Zvukoizabrazitel'nost v kazahskom yazyke* [Sound iconicity in the Kazakh language]. Almaty.
15. Knoeferle, K., Li, J., Maggioni, E., & Spence, C. (2017). What drives sound symbolism? Different acoustic cues underlie sound-size and sound-shape mappings. *Scientific Reports*, 7(1), 5562. DOI: <https://doi.org/10.1038/s41598-017-05932-6>
16. Kornilov, G. E. (1979). The theory of imitatives and Chuvash dialect data. In *Dialects and Toponymy of the Volga Region* (pp. 23–66).
17. Ngai, C. H., Kilpatrick, A. J., & Ćwiek, A. (2024). Sound symbolism in Japanese names: Machine learning approaches to gender classification. *PLOS ONE*, 19(3). DOI: <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0297440>
18. Rovnaya, T. V. (2018). *The influence of linguistic shock and phonosemantics on the perception of a foreign language*. Moscow.

19. Sapir, E. (1929). A study in phonetic symbolism. *J Exp Psychol.*, 12, 225–239.
20. Sartkozhauly, Q. (2007). *Bayirgy turuk zhazuy* [The genesis of ancient Turkic script]. Astana.
21. Shinohara, K., & Kawahara, S. (2010, August). A cross-linguistic study of sound symbolism: The images of size. In *Proceedings of the Annual Meeting of the Berkeley Linguistics Society* (pp. 396–410).
22. Shinohara, K., Yamauchi, N., Kawahara, S., & Tanaka, H. (2016). Takete and maluma in action: A cross-modal relationship between gestures and sounds. *PLOS ONE*, 11(9). DOI: <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0163525>
23. Sidhu, D. M., & Pexman, P. M. (2019). The sound symbolism of names. *Current Directions in Psychological Science*, 28(4), 398–402.
24. Sidorov-Dorso, A. V. (2013). Modern research on naturally developing. *Voprosy Psikhologii*, 4, 147–158.
25. Styles, S. J., & Gawne, L. (2017). When does maluma/takete fail? Two key failures and a meta-analysis suggest that phonology and phonotactics matter. *i-Perception*, 8(4), 1-17. DOI: <https://doi.org/10.1177/2041669517724807>
26. Svantesson, J. O. (2017). Sound symbolism: The role of word sound in meaning. *Wiley Interdisciplinary Reviews: Cognitive Science*, 8(5). DOI: <https://doi.org/10.1002/wcs.1441>
27. Wichmann, S., Holman, E. W., & Brown, C. H. (2010). Sound symbolism in basic vocabulary. *Entropy*, 12(4), 844–858.
28. Winter, B., & Perlman, M. (2021). Size sound symbolism in the English lexicon. *Glossa: A Journal of General Linguistics*, 6(1). 1-13. DOI: <https://doi.org/10.5334/gjgl.1646>